

Жайлау Ж., Әбділда Д.Ә.

**Қазақстан Республикасында  
«Мүгедектер құқықтары  
туралы Конвенция» ережелерін  
жүзеге асыру мәселелері**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтық мәртебесіне қатысты мәселелер қозғалады, ҚР Мүгедектер құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялаған соң ондағы ережелерді жүзеге асыру проблемалары көтеріледі. Мүгедектердің мәселелері бүгінгі күні өз шешімін таппай жүрген қиын мәселелердің бірі болып табылғандықтан, қоғам тарапынан дамуы мен нығаюды, әлеуметтік топтардың бейімделуін, оның азаматтарының құқықтарының теңдігі мен мүмкіндіктерін кеңейтуді талап етеді. Мүгедектердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуы Қазақстан Республикасы әлеуметтік саясаттың алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі болып саналады, ал оның басты міндеті – осы санаттағы адамдар өмірлерінің барлық жүйесін гуманизациялау болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың мүгедектер мәселелерімен айналысқанына айтарлықтай көп уақыт болған жоқ. 1970 жылдардың аяғына дейін мүгедектерге арнайы қорғау шараларынсыз негізгі құқықтық тану концепциясы елеулі орынға ие болатын. Адам абыройын түсірмеу мен кемсітпеу сияқты негізгі қағидалар мүгедек санатындағы адамдарға жеткілікті болады деп санаған. Дегенмен, мүгедектер мәселелерін зерттеу мен тәжірибеде құқықтарын қорғау – олардың құқықтарын қорғаудың халықаралық дербес жеке қорғау жүйесін құруды талап етті.

**Түйін сөздер:** мүгедек, мүгедектік, тең құқық, әлеуметтік қорғау, мүгедектер құқығы.

Zhailau Zh., Abdilda D.A.

**The problems of provisions` s  
implementation of «the disabled`s  
the rights`s Convention» in the  
Republic of Kazakhstan**

The article consider the legal status of persons with disabilities in the Republic of Kazakhstan. Raises issues about the implementation of the Convention on the Rights of Persons with Disabilities, ratified by the Republic of Kazakhstan. Today, problems of the persons with disabilities are the one of the unsolved problems and it requires the society the cohesion and development, the integration of social groups, empowerment and equal rights of its citizens. Social and legal protection of invalids is RK social policy priority, and its main task – the humanization of all spheres of life of these people. The international community has only recently turned its attention to the protection of disabled rights. By the end of the 70s it was dominated by the concept of the fundamental rights recognition of all persons with disabilities without any special protective measures. However, the study of disability issues and the practical action to protect the rights of persons with disabilities have identified the need to create a separate system of international protection of their rights.

**Key words:** disabled, disability, equal rights, social protection, rights of disabled.

Жайлау Ж., Абдильда Д.А.

**Проблемы осуществления  
положений «Конвенции  
о правах инвалидов»  
в Республике Казахстан**

В статье рассматривается правовой статус инвалидов в Республике Казахстан, поднимается проблема реализации положений Конвенции о правах инвалидов, ратифицированной Республикой Казахстан. На сегодняшний день проблемы инвалидов являются одной из нерешенных задач и требуют от общества сплочения и развития, интеграции социальных групп, расширения возможностей и равенства прав его граждан. Социально-правовая защищенность инвалидов является приоритетным направлением социальной политики РК, и его главная задача – гуманизация всех сфер жизни этих людей. Международное сообщество сравнительно недавно обратило внимание на вопросы защиты прав инвалидов. До конца 1970-х годов доминировала концепция признания за инвалидами всех основных прав без специальных мер защиты. Считалось, что принципы недискриминации и уважения человеческого достоинства достаточны для инвалидов. Однако изучение проблем инвалидности и практическая деятельность по защите прав инвалидов выявили необходимость создания отдельной международной системы защиты их прав.

**Ключевые слова:** инвалид, инвалидность, равные права, социальная защита, права инвалидов.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
«МҮГЕДЕКТЕР  
ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ  
КОНВЕНЦИЯ»  
ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда кез-келген мемлекет қызметінің басты бағыттарының бірі болып адам құқықтарын қорғау мәселесі танылады. Бұл мемлекеттік дамудың заңдылығы. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бекітілді [1]. 1850 жылы Лоренц фон Штейнмен енгізілген «әлеуметтік мемлекет» ұғымы мемлекет қызметтерінің қатарын «өз билігі арқылы барлық әлеуметтік санаттар үшін, әрбір жеке өзін-өзі анықтаушы тұлға үшін құқықтағы абсолютті теңдікті сақтау» деп толықтырған болатын [2]. Әрине, Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет ретінде тани отырып, өз тұрғындарын барлық жағынан қамтамасыз етуге тырысады. Алайда азаматтардың жеке топтарының құқықтарына қатысты мәселелер толыққанды шешімін таппай келеді.

Бүгінгі күні халықтың әлеуметтік тұрғыдан ең әлсіз топтарының бірі болып мүгедектер табылады. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңға сәйкес, мүгедек – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам [3]. Осы заңда азаматтардың аталған тобының бірқатар құқықтары мен бостандықтары қамтылған.

Қазақстандағы қазіргі мүгедектердің саны 627 мыңға жуық адам құрайды. Мемлекетпен берілген кепілдіктерге қарамастан олардың бүгінгі әлеуметтік жағдайлары төмен дәрежеде, көптеген адамдардың өмірлері ауырлап тұр. Адам өмірінің әртүрлі салаларында мүгедектерге қатысты кемсітушілік мәселесі шешімін таппай келеді. Сондықтан да мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселесі әлеуметтік әділеттіліктің басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Негізінен мүгедектердің мәселелері қоғамның олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескермеуі нәтижесінде, яғни медициналық емес, әлеуметтік тұрғыдан көретін қиыншылықтары негізінде орын алады. Мүгедектіктің әлеуметтік моде-

лі мүгедектігі бар адамдардың барлық адамдар сияқты белгілі бір уақыт сайын медициналық көмекке мұқтаж болатынын мойындайды, бірақ оларға тек медициналық қызметтің объектілері ретінде ғана қарауға болмайды. Бұл олардың кемістіктері емес, бұл қоғамның оларға деген негативті көзқарасы. Мүгедектік – бұл мүгедекке қоғамның басқа мүшелері сияқты одан өз орнын табуға кедергі келтіретін, тең емес мүмкіндіктер мәселесі болып табылады. Қоғам мүгедектіктің әлеуметтік моделіне сәйкес мүгедектер тәуелсіз өмір сүре алу үшін қоғамдағы стандарттарды адамдардың ерекше қажеттіліктеріне бейімдеуі тиіс.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселесі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңында қозғалады. Бұл заңда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың әр түрлі өмір саласындағы құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. 2015 жылдың 12 қарашасында қабылданған «Мүгедектер құқықтарын қорғау мәселесі бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң осы саладағы құқықтық реттеуді жетілдіре отырып, мүгедектердің басқа азаматтармен тең дәрежеде азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және тағы басқа құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру бойынша мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мәселесін шешуге жаңа серпіліс әкелген болатын. Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтық мәртебесін бекітетін актілердің қатарында халықаралық шарттар да үлкен орын алуда. Қазіргі күнгі бұл саладағы ең маңызды құжаттарының бірі болып 2006 жылдың 13 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының Қарарымен қабылданған мүгедектер құқықтары туралы Конвенция табылады. Бұл құжат мүгедектердің тәуелсіз өмір салтын ұстану және өмірдің барлық салаларына жан-жақты қатысу мүмкіндігін, мүмкіндігі шектеулі жандарға қоршаған ортаға, көлік құралдарына, ақпарат пен байланыс құралдарына және халықпен кеңінен қолданылатын басқа да объектілер мен қызметтерге барлығымен бірдей деңгейде қол жеткізуге қатысты халықаралық талаптарды бекіткен болатын. 2016 жылдың 5 ақпанында Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат депутаттары «Мүгедектер құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау» туралы заңды қабылдады. Осының негізінде Конвенция нормалары алдымызға үлкен міндет қойып отыр: бұл еліміздің ішкі заңнамасын мүмкіндіктері шектеулі жандардың құқықтары

туралы заңнамасын Конвенцияда бекітілген халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкестендіру мәселесі.

Әрине, Қазақстан Республикасында Конвенцияның ратификациялануы оның қағидаларын мемлекет деңгейінде жариялау ғана емес. Бұл – істің шынайы мән-жайын және мүгедектердің қажеттіліктерін анықтауға бағытталған үлкен қадам. Конвенция мүгедектер мәселелерін анықтау, оларды шешу және іске асыруда шынайы әрекет ететін қоғамдық-мемлекеттік механизмдерін анықтауды міндеттейді.

Мұндай қиындықтарды шешу технологиялары ең алдымен қоғамдық-мемлекеттік ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Яғни олар Конвенция қағидаларына сүйене отырып, мүгедектер өмірінің әр түрлі салаларындағы құқықтық теңдіктерінің жолындағы кедергілерді жою, азаматтық қоғамда, мүмкіндігі шектеулі жандардың өздерін тікелей қатыстыра отырып әлеуметтік, құқықтық, саяси, экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталуы тиіс. БҰҰ Конвенциясын қабылдаған басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, ондағы ең басты қиындық – қоғамдағы мүгедектер мен олардың мәселелері туралы ақпараттандыру дәрежесінің төмендігі болып табылатынын айтуға болады. Конвенцияда мүше-мемлекеттер бүкіл қоғамның, оның ішінде отбасы деңгейінде, мүгедектікке байланысты сұрақтардағы білімділіктерін арттыру үшін және мүгедектердің құқықтары мен қадір-қасиеттеріне құрметпен қарауды бекітуге бағытталған кідіруді күтпейтін, тиімді және қажетті шараларды қолдануға міндетті делінген [4]. Демек, қоғамда мүгедектердің мәселелеріне тиісті түрде қарау үшін позитивті қоғамдық пікірдің қалыптасуына көңіл бөлу, мүгедектердің кездескен қиындықтарымен қатар, олардың жетістіктерін де жариялай отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы Конвенцияның білім беру, еңбекпен қамту, кедергісіз орта қалыптастыру аясындағы көптеген ережелері Қазақстан Республикасымен қабылданған заңнамаларда көрініс тапқан. Қазақстан заңнамасына жүргізілген сараптама оның халықаралық стандарттарға сай екендігін, бірақ оларды қолдану және жүзеге асыру ағымдағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді. Осы ретте алдағы уақытта мүгедектер құқығының жан-жақты қорғалуын қамтамасыз ету үшін ережелерді жүзеге асыру механизмдерін бекіту, осы бағыттағы ведомс-

твоаралық өзара әрекеттесу мәселесін реттеу, мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің мүгедектердің құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік тағайындау сияқты шаралар қабылдануы қажет. Мүгедектерге әр түрлі қызмет көрсететін мемлекеттік аппарат қызметкерлері мен басшыларына, мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін шешу БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес жүргізілуі үшін ағарту жұмыстарын жүргізу керек.

Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен қиындық келтіретін мәселелердің бірі ғимараттарға қолжетімділік мәселесі болып табылады. Бүгінде әлеуметтік, транспорттық және рекреациялық инфрақұрылымдардың 79%-ы мүгедектер үшін қолжетімсіз болып табылады. Конвенция ережелерін жүзеге асыру үшін сәулеттік қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Мүгедектер басқа адамдардың арасында өмір сүріп, жұмыс істеп, барлық игіліктерді олармен тең дәрежеде қолдана алатындай болу керек. Осы ретте қоғамдық ғимараттардың барлығын арнайы пандуспен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды жетілдіріп, мұндай баспалдақтармен жабдықталмаған құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдаудан бас тарту сияқты тиынақты шараларды қолдану мәселесін көтеру көзделуі тиіс.

Мүгедектердің құқықтарын жүзеге асырудағы маңызды технологиялардың бірі – білім берудің барлық деңгейінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру болып табылады. Білім саласында Конвенция мүмкіндігі шектеулі азаматтардың инклюзивті білім алуға деген құқығын бекітті. Бұл құқықты кемсітушіліксіз және мүмкіндіктердің теңдігі негізінде жүзеге асыру мақсатында мүше-мемлекеттер, адами потенциалды, қадір-қасиет пен өзін-өзі құрметтеу сезімін дамыту; мүгедектердің тұлғасын, дарындарын және шығармашылықтарын, сондай-ақ олардың ақыл-ой және физикалық қабілеттерін дамытуға; мүгедектерді еркін қоғам өмірінде тиімді атсалысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, барлық деңгейде инклюзивті білім беруді және өмір бойы білім аруды қамтамасыз етеді.

Бұл құқықты жүзеге асыру кезінде мүше-мемлекеттер мүгедектер жалпы білім беру жүйесінен мүгедектігі себепті шығарылмауын, ал мүгедек балалар өз тұрғылықты жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш және орта білім беруге басқалармен тең дәрежеде мүмкіндік алуларын, жеке қажеттіліктерді ескеретін құралдардың жасакталуын және мүге-

дектердің тиімді білім алуын жеңілдету үшін қажетті қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді. Мүше-мемлекеттер мүгедектерге кәсіби білім беру, кәсіби оқу, ересектерге арналған білім беру және өмір бойы білім алуға еш кемсітушіліксіз және басқалармен тең дәрежеде қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Физикалық кемістігі бар мүгедектер үшін инклюзивті кәсіби білім берудің әлеуметтендіруші және сауықтырушы мүмкіндіктеріне күмән келтіруге болмайды. Инклюзивті білім беру әртүрлі қажеттіліктер мен физикалық ауытқуларға үйрену тарапынан барлығына бірдей білім беруді білдіреді және ол тек шынайы қарым-қатынастардың негізінде, студенттік жылдары жас мүгедектермен әр түрлі мамандық түрлері, қарым-қатынас игерілетін кезде, адамның өзіндік бағалауы реттелетін, құрдастарының тарапынан достық пен қолдау көрсетілетін, өзіне деген сенімділік пайда болатын, мүгедектігі бар адамның көзқарасы мен рухани дүниесі, аумалы-төкпелі әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге деген дайындығы көрініс табатын кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Білімі және кәсібилігі жағынан қалыптасу – мүгедектерді шынайы әлеуметтендірудің ең тиімді әдісі болып табылады. Ол мүмкіндігі шектеулі жандардың өзіндік белсендігін қамтамасыз етуге максималды түрде мүмкіндік береді [5].

Көптеген шет елдерде мүгедектерге қатысты мемлекеттік саясатты қадағалайтын үйлестірушілік механизмдер бар. Кипрде Еңбек пен әлеуметтік сақтандыру Министрлігінің реабилитация жөніндегі Кеңес, Финляндияда мүгедектер мәселелері жөніндегі Мемлекеттік кеңес, Венгрияда мүгедектердің құқықтары мен тең мүмкіндік беру жөніндегі үкіметтік кеңес органы, Иорданияда мүгедектерді қорғау жөніндегі Ұлттық Кеңес, Мексикада мүгедектерге қатысты мемлекеттік саясатты үйлестіру мен шешім қабылдау үрдісіне мүгедектерді қатыстыру жөніндегі Кеңес беру органы, Норвегия, Тринидад пен Тобагода мүгедектер мәселелері жөніндегі Ұлттық кеңес беру Комитеті жұмыс істейді.

Әдетте, қоғамға мүгедектерді интеграциялау үшін алаңдаушылық бүкіл әлемде мемлекет басшыларымен бастамашы. Ол пандустар және шығу құрылғысын, сондай-ақ барлық ықтимал кедергілерді жою жөніндегі іс-шаралар мен бірқатар жекелеген мемлекеттік мекемелерді құруды қамтиды және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты мемлекеттік саясатты іске асыруды бақылайды.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты халықаралық нормалар мен стандарттарға ілгерілетуге, үкіметтік, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар үшін 2001 жылғы 19 желтоқсандағы қоныраулар туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының 56/115 қаулысы бар. 32 ел арасында тек Ресей Федерациясы мен Молдова Республикасы ғана ТМД елдерінен қабылданған шаралар туралы өз баяндамаларын ұсынған. Бұл тізім ішінде біздің де елдің болуы ықтимал еді. Мүгедектер жүйесінің құқықтарын қорғау ТМД елдерінің барлығында дерлік толыққанды дамымаған. Дегенмен, соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемаларын шешу үшін айтарлықтай күш ТМД елдерінде де жүзеге асырыла бастады [6].

Осылайша, Қазақстан Республикасының БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы Конвенциясына қосылуы қоғам алдына шешімін табуы қажет ететін бірқатар мәселелерді көтереді және қоғамды дамытуға әрі оны нығайтуға, оның адамгершілікке сай болып қалыптасуына, азаматтарының құқықтарының теңдігі мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, әр түрлі әлеуметтік топтардың бейімделуіне көмектесетін әлеуметтік технологиялардың дамуына үлкен серпіліс береді.

Мүгедектер құқықтарының стандарттарын халықаралық қорғау бүкіл құқық қорғау жүйесінің жалпы адам құқықтарының әмбебаптық қағидасы мен кемсітушілікке тыйым салу қағидасына негізделген. Мүгедектер үшін бұл қағидалардың маңызы дене немесе психикалық жай-күйінің ерекшеліктеріне байланысты шектеулердің болмауы, әрбір әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «барлығы үшін бірдей қоғам» құру идеясы болып табылады.

Халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес, ең алдымен, мүгедектерді тиімді және толық қоғам өміріне интеграциялау үрдісіне қатыстыруды ілгерілетуге, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қол жетімділігі негізделген. АҚШ елдерінде кеңінен қолданыста жүрген окшаулау (деизоляция) тәжірибесі мүгедектерге қатысты әлеуметтік саясаттың ең тиімдісі ретінде танылып отыр.

Халықаралық стандарттар мен қоғамға мүгедектерді интеграциялау жөніндегі бастамалардың басымдылығы, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғауды қолдау қажеттігін сезіну – дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып Қазақстанда да орын алуы тиіс.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. [www.akorda.kz/kz/official.../constitution](http://www.akorda.kz/kz/official.../constitution)
- 2 Штейн Л. История социального движения Франции с 1789 года до наших дней. – СПб., 1872. – С. 34-35.
- 3 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң». №39, 13.04.2005 ж. <http://bestprofi.com/home/section/431568517;jsessionid=1E0FE04FA8F11EA0E1E33323FB8D289C?0>
- 4 БҰҰ-ның 2006 ж. 13 желтоқсанғы «Мүгедектер құқықтары туралы Конвенциясы». [https://convention.mzsr.gov.kz/sites/default/files/Convention\\_kz.pdf](https://convention.mzsr.gov.kz/sites/default/files/Convention_kz.pdf)
- 5 Мартынова Е.А. Принципы инклюзивного образования и их обеспечение законодательством РФ для системы высшего профессионального образования // Достижение вузовской науки. – Новосибирск: СИБПРИНТ, 2013. – С. 63-68.
- 6 Специальный доклад Уполномоченного по правам человека «Права и возможности инвалидов в Республике Казахстан». [http://www.ombudsman.kz/en/publish/docs/doklad\\_spec/detail\\_2.php?ID=1073](http://www.ombudsman.kz/en/publish/docs/doklad_spec/detail_2.php?ID=1073)

#### References

- 1 1995 zhylyg 30 tamyzdagy Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy. [www.akorda.kz/kz/official.../constitution](http://www.akorda.kz/kz/official.../constitution)
- 2 Stein L. Istoriya socialnogo dvizheniya Francii s 1789 goda do nashih dnei. – SPb., 1872. – S. 34-35.
- 3 Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylyg 13 sauirdegi №39 «Kazakstan Respublikasynda mugedekterdi aleumettik korgau turaly» Zany. <http://bestprofi.com/home/section/431568517;jsessionid=1E0FE04FA8F11EA0E1E33323FB8D289C?0>
- 4 BUU 2006 zhylyg 13 zheltoksanyndagy Mugedekter kuckyktary turaly Konvenciyasy. [https://convention.mzsr.gov.kz/sites/default/files/Convention\\_kz.pdf](https://convention.mzsr.gov.kz/sites/default/files/Convention_kz.pdf)
- 5 Martynova E.A. Principy inkluzivnogo obrazovaniya invalidov i ih obespechenie zakonodatelstvom RF dlya sistemy vyshego professionalnogo obrazovaniya // Dostizheniya vuzovskoi nauki. – Novosibirsk: SIBPRINT, 2013. – S. 63-68.
- 6 Specialnii doklad Upolnomochennogo po pravam cheloveka «Prava i vozmozhnosti invalidov v Respublike Kazakhstan». [http://www.ombudsman.kz/en/publish/docs/doklad\\_spec/detail\\_2.php?ID=1073](http://www.ombudsman.kz/en/publish/docs/doklad_spec/detail_2.php?ID=1073)

*Разумный наказывает не потому, что был совершен проступок, а для того, чтобы он не совершался впредь.*

Платон